

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2016» атты
XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2016»

PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2016»

2016 жыл 14 сәуір
Астана

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2016»
атты XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2016»**

**PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2016»**

2016 жыл 14 сәуір

Астана

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

Ғ 96

Ғ96 «Ғылым және білім – 2016» атты студенттер мен жас ғалымдардың XI Халық. ғыл. конф. = XI Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2016» = The XI International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2016» . – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2016. – б. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-764-4

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

ISBN 978-9965-31-764-4

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2016

реализации права на необходимую оборону. Необходима переоценка степени правомерности необходимой обороны, соразмерность ответственности между субъектом посягательства, от уровня противоправного деяния, т.е. характера преступления.

Список использованных источников

1. Конституция Российской Федерации: Принята всенародным голосованием 12 декабря 1993 г. – Ростов н/Д. – Феникс, 1997.
2. Европейская Конвенция о защите прав человека и основных свобод (Рим, 4 ноября 1950 г.) (с изм. и доп. от 11.05.1994 г.) // Собрание законодательства РФ. – 1998. - № 20.
3. О внесении изменения в статью 37 Уголовного Кодекса РФ: Федеральный закон от 14.03.2002 г. № 29-ФЗ // СЗ РФ. - 2002. - № 11
4. Звечаровский И.Э., Пархоменко С.В. Уголовно-правовые гарантии реализации права на необходимую оборону. – Иркутск, 1996.
5. Юсупов Р. Соотношение аффекта и превышения пределов необходимой обороны // Российская юстиция. – 1999. - № 5.
6. Неврев А.В. Проблемы реализации гражданами своего права на необходимую оборону // Адвокатская практика. — 2001. — №1. — с. 5—7. Звечаровский И. Чайка Ю. Законодательная регламентация института необходимой обороны // Законность. - 1995. - №5.
7. Козаченко И. Оборона или защита? // Законность. - 1992. - № 6-7.
8. Гальперин И.Н. Уголовная политика и уголовное законодательство. Основные направления борьбы с преступностью. — М., 1999.
9. Рабседжанов А.С. Применение уголовно-правовых норм о необходимой обороне: автореф. дис. ... канд. юрид. наук. — М., 1998.

УДК 341.218.4

МЕМЛЕКЕТ ҚҰРАУШЫ ҰЛТ ҰҒЫМЫНЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Хайрмуханмедов Нурбек Исабайұлы

nurbek.isabay@gmail.com

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ

Мемлекет және құқық теориясы мен тарихы, конституциялық құқық кафедрасының
аға оқытушысы, PhD

Бүгінгі әлемде барлық мемлекеттерде мемлекет құраушы ұлт немесе доминант этникалық топ бар. Әлемдегі мемлекеттердің көпшілігінің атауы дәл осы мемлекет құраушы ұлттың атымен аталады. Қазақстан мемлекеттілігінің ұйытқысы да мемлекет құраушы ұлт ретінде қазақ ұлтымен байланысты екендігі Атазанның преамбуласында «байырғы қазақ жерінде» деп, жанама түрде меңзеледі. XX ғасырдың басында Кеңес Одағында жүзеге асырылған сталиндік ұлттар саясаты негізінде ұлт болып қалыптасу сатысына жеткен этникалық топтарға мемлекеттілік негізі санлатын социалистік республика статусы берілгені белгілі. Мемлекеттіліктің ұлттық мемлекеттілік негізінде құрылымдануы және легитимділікке қол жеткізуі XIX ғасырдан бастап бүкіл әлем елдерінде белең алған саясат үдерісі. Пролетариат диктатурасы мен коммунистік идеологияға негізделген Кеңес Одағындағы сталиндік ұлттар саясаты да осы үдерістен қалыс қалған жоқ. Мақалада мемлекет құраушы ұлт түсінігінің тарихи-теориялық және құқықтық аспектілері туралы осы салада танымал еңбектерімен белгілі болған ғалымдардың еңбектері саралана отырып талдау жасалады.

Ғылыми ортада жиі қолданылатын қазіргі заманғы мемлекетті (ағылшын тілінде «modern state») ұлттық мемлекеттілікпен шатастырмау қажет. Көптеген зерттеулерде қазіргі

заманғы мемлекет пен ұлттық мемлекет бір ұғым ретінде қарастырылады. Тіпті көптеген зерттеуші ұлттық мемлекет пен қазіргі заманғы мемлекет бір ұғым ретінде сипаттайды. Ұлттық мемлекеттер қазіргі заманғы мемлекеттік саяси құрылым сипатына ие. Сонымен қатар, қазіргі заманғы мемлекеттілік ұлттық идеология мен ұлттық демократиялық құндылықтарды алдыңға орынға қояды. Қазіргі заманғы мемлекеттіліктің орталығында белгілі бір этно-мәдени қауымдастыққа мүше болу сана-сезімі арқылы қалыптасатын қоғамдық негіз саналған «ұлт» ұғымы бар. Мемлекетке адалдық және егемендіктің легитимділігі де ұлт ұғымы арқылы сипатталады. Қазіргі заманғы мемлекет жалпы алғанда ұлттық мемлекеттіліктің сипаттарын толық қамтиды. Алайда, мемлекет құраушы ұлттың легитимділігі отандастық пікірімен тығыз байланысты. Мемлекетті құрайтын түрлі этникалық топтар арасында мемлекет құраушы ұлттың қоғамдық бірлік пен бүтіндік қамтамасыз ету қабілеті, ортақ тарих және ортақ болашақ сынды субъективті идеяларды бүкіл қоғамға мойындата білуі, мемлекет құраушы ұлт ретінде доминант этникалық топтың мәдени құндылықтарының қоғам тарапынан мойындалуы, доминант этникалық топтың тарихи тұрғыдан мемлекеттілік тәжірибесінің сабақтастығы мемлекет құраушы ұлттың легитимділігін айқындайтын критерийлердің бірқатары болып табылады. Әлемде мемлекеттіліктің ұлттық мемлекет ретінде саяси құрылымдануын легитимділік шарты ретінде қарастыратын түсінік Француз буржуазиялық революциясынан кейін пайда болды. Осы кезеңнен кейін мемлекеттіліктің легитимділігі ұлттық мемлекеттілік ретінде түсіндіру белең алды [1]. Юрген Хабермастың «халықтар қауымдастығынан құралған ұлттар» тұжырымын этнос ретінде сипаттайтын болсақ Антони Смиттің қазіргі заманғы ұлттардың ұлт ретінде дамуының жоғарғы сатысы мемлекет құраушы этнос негізінде дамитындығына қатысты пікірін қуаттайды [2].

Мемлекет құраушы болып табылмайтын этникалық топтардың де ұлт қалыптастыру талаптарының заңды болып-болмайтындығы мәселесі әсіресе XIX ғасырда ұлтшыл және либералдық орталарда маңызды пікірталасқа арқау болды. Бұл жағдай ұлттық-мемлекеттің бір тұйықтығы ретінде күн тәртібінде орын алып, пікірталастарға «теңдік қағидасы принципі» мен шешім табуға күш салынған. Бұл бойынша ұлт болуды көздеген әрбір қауымдастыққа осындай құқық танылуы қажет. Теңдік қағидасын айқындайтын ұлттың бар екендігіне қатысты дәлелдерден бұрын саяси күштік бар болуы болып табылады. Саяси күш өлшемі ретінде болса халық санының көптігі және кең ауқымды территорияның бар болуы негізгі екі критерий ретінде алдыңғы орынға шығады. Мәселен, XIX ғасырда халық саны және территория тұрғысынан өте кішкентай болып саналғандықтан Бельгия мен Португалияның тәуелсіз мемлекет болу талаптары негізсіз болып саналған еді. Белгілі болғандай, теңдік қағидасының негізі тек қана өмір сүру мүмкіндігі бар ұлттардың өз тағдырын айқындау құқығына ие болулары. Бұл қағида I-ші Дүниежүзілік соғыстан кейін өзектілігін жоғалтып, өзін ұлт ретінде санайтын әрбір қауымдастықтың мемлекетке де ие болу түсінігі дами бастады [3].

Қазіргі заманғы мемлекеттің алғаш рет қалыптаса бастаған кезеңде үстем болған және алғашқы ұлттық мемлекеттерде де қолданылған елдік мағынадағы ұлтшылдық ұстанымын құп көрген елдердің уақыт өте келе өте күшті ұлттық біртұтастану жолын іздестіріп, интеграция үшін этникалық моделден (объективтік элементтерден) да пайдалануға бет бұрулары арқылы өзгеріске түскен болатын. XIX ғасырда бүкіл Еуропада француз революциясы ортаға қойған және елдік ұлтшылдықтан нәр алған отандастыққа негізделген саяси құрылымнан үстем этникалық топтың құндылықтарымен көмкерілген ұлыстық негіздегі құрылымға өту жүзеге асқан. Бұл жағдай территориялық негіздегі бір бүтіндік үшін болса да этникалық бір ядроның қажеттілігінің түсіністік табуы ретінде де түсіндіріле алады.

Этникалық ұлтшылдық уақыт өте келе Еуропаның территориялық ұлтшылдық ретінде көрініс тапқан Батыс аймақтарын да өз ықпалына алды. Территориялық негіздегі ұлт қалыптасуларында этникалық басымдықтар барған сайын арта түскен. Территориялық ұлт түсінігінің қайнар бастауы болып табылатын Батыс Еуропада қоғамдық біртұтастану және отан ұғымын легитимдендіру мақсатымен (ұлтшылдық идеологиясында отан элементі

маңызды құрамдас бөлшек және отан пікірі ұлттың өмір сүру кеңістігі болуы тұрғысынан ұлтшылдық идеологияның экономикалық-саяси қырымен де тығыз байланысты) тек, қандастық мифтерінің алдыңғы орынға шығарылғандығы байқалады. Өйткені, ортақ тек, қандастық пікірінің әрі қоғамдық біртұтастануды, әрі территориялық тұрғыдан тамыр жаюын ең мықты түрде жүзеге асыратын фактор деп саналды[4]. Батыс Еуропада осы өзгеріске мысал ретінде Англиядағы қандастық аңызының британиялықтан германдық бағыттағы англо-саксондыққа өзгеруі маңызды бір мысал бола алады[5].

Негізінде, барша ұлысқа айналу үдерістерінде ұлттық тілдің, қоғамның санасына құйылатын қаһармандардың, қоғамның игілігіне айналдырылатын дәстүрлі өнерлердің, тарихи жәдігерлердің ортаға қойылуы өзекті бола түсіп, әрбір елде бар «мемлекет құрушы доминант ұлт» міндетті түрде осыған араласатын болады. Доминант ұлттардың мәдени ерекшеліктері және тарихи тәжірибелері территориялық ұлт саясатында бетпе-бет келетін мәселелерге қарсы ең тартымды жол ретінде қарастырылды. Осыдан көріп отырғандай географиялық жаңалықтар мен индустриалдық төңкерісті бастан өткеріп, өзіндік ішкі динамикаларының арқасында ұлттық-мемлекет үдерісіне енген елдерде ұлтшылдық ұлтты қалыптастырмады, керісінше өздігінен дамыған осы үдеріс кейіннен ұлтшылдық ағымдардың ықпалына ұшырады.

Орта және Шығыс Еуропада ұлт қалыптастыруда негізге алынған жолэтникалық басымдыққа ие ұлт қалыптасыру саясаты болды. Романтикалық неміс философтары Йохан Гердер және Йохан Фихтенің жетекшілігінде дамыған этникалық ұлтшылдық және ұлт түсінігінен (объективтік ұлт түсінігі) бастау алған этникалық ұлт моделінде басынан бастап интеграция мақсатымен қандастыққа негізделген түсінік басшылыққа алынып, қауымдастықтарды бір-біріне байланыстыратын байланыстар ретінде үнемі өзекті етуге күш салынған қандастық және қаһармандық идеялары доминантты мәдениетке тіл, дін, дәстүр және тарихи құндылықтардың әспеттеліп, теңдесі жоқ ұжымдық, ұлттық өткенге басымдық беру алдыңғы орынға қойылды[6].

1789 жылдан кейін Еуропа құрлығында байқалған барша ұлтшылдық қозғалыстарында объективті және субъективті факторлардың этникалық кейіптерге басымдық берген түрде бір қазанда еріп, нәтижеде XX ғасырдың соңғ ширегіне дейін доминантты этникалық топқа арқа сүйеген ұлт қалыптастыру саясатына таңдау жасалғандығы байқалады[7]. Осы жерде маңыздысы барша ұлттану үдерістерінің міндетті бір пішінде этникалық және территориялық элементтерді өз аясына алуы болып табылады[8]. Осы бір дуализмнің ұлт болудың негізінде саяси пікір екендігі және мәжбүрлі этникалық элементтердің осы жобада орын алуымен ұлт ұғымының тағдыры екендігін айтуға әбден болады. Қандастық идеясымен ата-бабалардан келген этникалық мақтаныш, отан идеясы, даңқты тарих, әйгілі дәстүрлер, ортақ құқық пен міндеттерді қамтитын азаматтық жағдайы болмастан ұлт қалыптастыру саясатын жүзеге асырудың мүмкін еместігі сипатталады [9].

Қорыта айтқанда, қазіргі заманғы мемлекет пен мемлекет құраушы ұлт түсінігі ағартушылық дәуір Еуропасынан атап айтқанда Француз буржуазиялық революциясынан кейін белең алған мемлекеттердің саяси құрылымдануының легитимділік шарты ретінде қалыптасып дамыды. Ұлт арқылы қоғамдық бірлік пен бірегейлену, ұлт болып қалыптасу, демократиялық легитимділік, жаһандану жағдайында ұлттық мемлекеттердің мәселелері мемлекет құраушы ұлт ұғымының легитимділігін тартысқа салса да бүгінгі күні мемлекеттердің саяси құрылымдануының басты үлгісі ретінде әлі де күшінен танған емес. Сонымен қатар, ұлтшылдықтың ұлттық бірегейлену және легитимділік дағдарысына шешім табумен қоса патриоттық, азаматтық, халықшылдық сынды ұстанымдарды жатсынбастан ұлт ұғымының аясына алынуы да мәселенің маңызын көрсете түседі. Қазіргі заманғы қоғамның басты құндылығы саналатын отандастық және азаматтық ұғымы мен демократиялық тең құқылы қатысушылық пікірлері мемлекет құраушы ұлт ұғымының ішкі мазмұнан ашатын құндылықтар.

1. Seyla Bederida, N. Roussellie, Milletler, Halklar ve Devletler, çev. Bahaeddin Yediyıldız, Belleten, Cilt LXV, Sayı 42, 2001, s. 324.
2. Anthony Smith, Milli Kimlik, Çev. Bahadır Sina Şener, 2. Baskı, İletişim Yayınları, İstanbul, 1999, s. 76-86.
3. J. Eric Hobsbawn, 1780'den Günümüze Milletler ve Milliyetçilik, çev. Osman Akınhay, 2. Baskı, Ayrıntı Yayınları, İstanbul, 1995, s. 45-49. Bu konuda bkz. M. Naci Bostancı, Etnisite, Modernizm ve Milliyetçilik, Türkiye Günlüğü, Sayı 75, s. 30-32.
4. D. Anthony Smith, Ulusların Etnik Kökeni, çev. Derya Kömürçü, Dosta Kitabevi Yayınları, Ankara, 2002, s. 193.
5. D. Anthony Smith, Milli Kimlik, çev. Bahadır Sina Şener, 2. Baskı, İletişim Yayınları, İstanbul, 1999, s. 96.
6. D. Anthony Smith, Ulusların Etnik Kökeni, çev. Derya Kömürçü, Dosta Kitabevi Yayınları, Ankara, 2002, s. 190. Bu konuda bkz. Kemal Gözler, Devletin Bir Unsuru Olarak "Millet" Kavramı, Türkiye Günlüğü, Sayı 64, Kış, 2001, s. 109-112.
7. Christophe Jaffrelot, Bazı Ulus Teorileri, Uluslar ve Milliyetçilikler, Derleyen: Jean Leca, çev. Siren İdeman, Metis Yayınları, İstanbul, 1998, s. 55. Bu konuda bkz. C. Wihtol De Wenden, Ulus ve Yurttaşlık, Uluslar ve Milliyetçilikler, Derleyen: Jean Leca, Çev. Siren İdeman, Metis Yayınları, İstanbul, 1998, s. 41-42.
8. J. Eric Hobsbawn, 1780'den Günümüze Milletler ve Milliyetçilik, çev. Osman Akınhay, 2. Baskı, Ayrıntı Yayınları, İstanbul, 1995, s. 117.
9. Ghia Nodia, Milliyetçilik ve Demokrasi, Türkiye Günlüğü, çev. Eralp Yalçın, Sayı 50, Mart-Nisan, 1998, s. 112.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ 1995 ЖЫЛЫ 30 ТАМЫЗДА ҚАБЫЛДАНҒАН КОНСТИТУЦИЯСЫНЫҢ 1912 ҚАБЫЛДАНҒАН ҚАЗАҚ ЕЛІНІҢ ЖАРҒЫСЫНДАҒЫ НОРМАЛАР МЕН ПРИЦИПТЕРІНЕН АЙЫРМАШЫЛЫҚТАРЫ МЕН ҰҚСАСТЫҚТАРЫ

Хамзина Мерует Газизовна

khamzina.meruert@yandex.ru

Мемлекет және құқық теориясы мен тарихы, конституциялық құқық кафедрасының
аға оқытушысы

Елубекова Аққу Қабдылсадыққызы

азаматтық-құқықтық пәндер кафедрасының оқытушысы

Қазақстан Республикасының жаңадан қабылданған Конституциясына 20 жыл өтіп қалғанын байқамай қалғанымыз рас, сонымен қатар сол жиырма жыл ішінде Конституцияны қабылдауда алдыға қойылған мақсат-мұраттарымыздың біршама бөлігі орындалғаны да жалған емес. Конституция елімізде өтіп жатқан барлық процестердің негізі бола отырып, оның барлық өміршең саласының негізі болды. Осыған байланысты мен былай деп те айта аламын, бүгінгі күнгі Қазақстанның жетістіктері Конституцияда бекітілген құқықтық негіздердің арқасында мүмкін болып отыр. Бұл ертеңгі күнімізге сенімділік, тұрақтылық, біздің қоғамымыздың қарқынды дамуы, заңнамалық базаның құрылуы, реформаларды жүргізудің жоспарлылығы мен дәйектілігі. Осы орайда Тұрақты даму концепциясын еске түсіргіміз келіп отыр, себебі тұрақты даму концепциясының негізгі үш бағыты олар: экономикалық жағынан даму, құқықтық жағынан және экологиялық жағынан даму болып табылады. Ал сол бағыттардың ұдайы және интенсивті түрде іске асыруына бірден-бір әсер етуші фактор ол Қазақстан Республикасында жоғарғы заң күші бар және үлкен мәртебеге ие Конституциямыз болып табылады [1,2].